

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 228 – 232

UDC 37 (37,0) 371

S.M. Shuinshina¹, A.K. Mukhamedkhanova²

sholpan200264@mail.ru almagul_2008@mail.ru

LEGAL SUPPORT FOR IMPLEMENTATION OF INCLUSIVE EDUCATION

Abstract. The article considers the legal and regulatory provision of inclusive education in the Republic of Kazakhstan and specifics of the teaching process of children with special educational needs.

The legal basis for the implementation of inclusive education in the Republic of Kazakhstan is the legislative acts that establish constitutional human rights, normative documents in the field of medical and social protection of persons with special needs and provide them with quality educational services.

The legislation of the Republic of Kazakhstan provides protection of the rights of children with special educational needs and guarantees the implementation of all provisions of the law relating to the creation of the necessary conditions for improving the quality of such children's life, obtaining high-quality educational services and creating an accessible physical environment.

The legal framework for the development of inclusive education in Kazakhstan is based on the main postulate - providing equal educational opportunities for all students in their place of residence on the basis of a pedagogical approach that ensures the adaptation of the educational environment to the individual characteristics and educational needs of the learner.

Key words: inclusive education, regulatory support, special educational needs, learning programs, inclusive education in the classroom, in special classes at schools, teaching and educational work, updating the content of education, educational achievement of students.

Ш. М. Шүйншина,¹ А.К. Мухамедханова²

¹ педагогика ғылымының кандидаты, доцент, Б.Алтынсарин атындағы

Ұлттық білім академиясы Орта білім институты Жаратылыстану-математикалық
білім зертханасының менгерушісі, Астана қ., Қазақстан;

² тарих ғылымдарының кандидаты, Б.Алтынсарин атындағы ҰБА Жаңартылған білім мазмұнын тарату
орталығының директоры, Қазақстан, Астана қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аннотация. Бұтінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының біріне сапалы білім алуға барлық адамдардың құқықтарының тенденциясы, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге коллежімділігі жатады. Барлық адамдар үшін сапалы білімнің коллежімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесінің басты процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық негізін адамның конституциялық құқықтарын белгілейтін заңнамалық актілер, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды медициналық-әлеуметтік қорғау саласындағы, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер құрайды. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді мынадай деңгейлерге топтастыруға болады: халықаралық, үкіметтік, ведомстволық, аймақтық.

Халықаралық деңгейге Қазақстан Республикасы халықаралық қоғамдастықтың мүшесі бола отырып, толық қолдайтын халықаралық Конвенциялар мен Декларациялардың негіз қалаушы: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Мүгедектертердің құқықтары туралы декларация, Ақыл-есі кем адамдардың құқықтары туралы декларация, Бала құқықтары туралы Конвенция, Мүгедектер үшін төң мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін стандартты ережелер жатады.

Конвенциялардың барлық ережелері елдің заннамасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занының 8-бабы 6-тармағында мемлекет инклузивті білім беруді іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды білім берудің барлық деңгейлерінде (дамуындағы ақаулықты түзету және әлеуметтік бейімдеу) білім алуы үшін арнағы жағдайларымен қамтамасыз етеді [1] деп жазылған. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды әлеуметтік интеграциялауға бағытталған мемлекеттік саясат әр адамның құндылығын сактайты.

Халықаралық қауымдастық түсіндірмесіне сәйкес «Білім туралы» занға инклузивті білім беру ұғымы өзгерістермен және толықтырулармен сәйкестендірілген. Мысалы, жаңадан енгізілген «ерекше білім беруге қажеттілік» термині тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, сонымен бірге емханада немесе үде ұзақ мерзім емделген, эмоционалдық проблемалары бар балаларға, жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға, жетім немесе ата-ана қамқорынан айырылған балаларға, озырылыш көрген балаларға да және т.б. қатысты тиімді қолданылады.

Жаңа анықтама бойынша «инклузивті білім беру» - бұл ерекше білім алу қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім берудің төң қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс. Бұл инклузивті білім берудің жүзеге асыратын ұйымдар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларды қамтуды, соның ішінде мигрант, оралман балалар, сондай-ақ қоғамға әлеуметтік бейімделуі қыын балалар сияқты басқа да санаттағы білім алушыларға сапалы білім беруді қарастырады. Яғни, инклузивті білім беру – білім беру бағдарламаларына сәйкес басқа да санаттардағы білім алушылардың төң қолжетімділігін көздейтін даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды бірге оқыту мен тәрбиелеу, арнағы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдау.

2011 жылдан инклузивті білімнің нормативтік-құқықтық базасы құрылды. Бұл жалпы білім беретін ұйымдар қызметінің Үлгілік ережелері, Қазақстан Республикасында инклузивті білім беру жүйесін ары қарай дамыту бойынша 2015-2020 жылдарға арналған шаралар кешені және Қазақстан Республикасыда инклузивті білім беруді дамытуың тұжырымдамалық тәсілдері. Арнағы және инклузивті білімнің көрсетілетін қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында ҚР БФМ ЖАО-ның 5 стандартын бекітті. Бұл психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеу және түзеу, балаларды әлеуметтік онтайландыру және отбасыларға көнсө беріп көмектесу және т.б. Инклузивті білімге тиісті тұлғалардың санатын заннама тұрғысынан көнсөтү инклузивті білім беруді дамытуың маңызды кезеңі болды [2].

2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №348 бұйрығымен Қазақстан Республикасында инклузивті білім беруді дамытуың тұжырымдамалық тәсілдемелері бекітілді. Тұжырымдамалық тәсілдемелер Қазақстан Республикасының заннамасына және барлығы білім алуға төң құқылы қағидасы қарастырылатын адам құқығы саласындағы негіз болатын халықаралық құжаттарға сәйкес әзірленген[3].

Ол барлық балалардың сапалы білімге төң қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін инклузивті білімнің жалпы стратегиясын, мақсатын, міндеттерін және негізгі қағидаларын, оның Қазақстан Республикасында іске асырылу шарттары мен механизмдерін анықтайтын құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасын Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі – ҚР МЖМБС) барлық білім алушылар үшін білімнің төң мүмкіндігі мен төң қолжетімділігін; «Даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы орта білім алуына және даму бұзылуышыларын түзету, әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалады» деп жазылған[3]. Білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту және оларды психологиялық-педагогикалық түзете қолдау:

- 1) инклузивті оқыту сыныптарында;
- 2) жалпы білім беретін мектептердегі арнағы сыныптарда іске асырылады.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды жалпы білім беруге косу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асады. Жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ арнағы білім беру бағдарламалары бойынша және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарына сәйкес білім алады.

Үлгілік қағидалардың 19 тармағында сәйкес білім алушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып және жергілікті білім беруді басқару органдарымен келісу бойынша

білім беру ұйымдарында инклузивті сыйнштар (бір сыйншта ерекше білім беру қажеттілігі бар екі баладан артық оқытылмауы тиіс) және (немесе) бұзушылық түрлері бойынша арнайы сыйнштар ашылуы қарастырылған [4].

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың оку бағдарламасын менгерудің ерекшеліктеріне байланысты мұғалім олар үшін бағдарламаларын КР МЖМБС негізінде бейімдей алады.

Қазіргі уақытта оку бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылды 25 ақпандағы № 61 бұйрығымен бекітілген ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларға арналған негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларына сәйкес әзірленген.

Білім беру ұйымдарында балалардың денсаулығын сактау, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім алу және қосымша білім беру қызметтерін алушағы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жайлыша жағдай құру қамтамасыз етіледі. Инклузивті білім беруді жузеге асyrатын білім беру ұйымдарының педагогикалық көнсесі жеке оку жоспарлары мен жеке бағдарламаларды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын бекітеді.

Сабактар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жеке ықпалды қолдану арқылы жүргізіледі.

Инклузивті және арнайы сыйнштардағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар барлық білім алушыларға арналған түзету сабактарын психологиялық-педагогикалық қолдаудың Жеке бағдарламаларымен сәйкес мамандар іске асырады.

Оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы жалпы білім беретін цикл пәндері, түзету пәндері аясында, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде іске асырылады.

Жалпы білім беретін мектептерге арнайы сыйнштардың жұмысы ұзартылған күн тәртібінде ұйымдастырылады, яғни бұзылған қызметтерді еңсеру мен орнын толтыру және қажетті денсаулық сактаушы педагогикалық режимді қамтамасыз ету бойынша қажетті жағдайлар жасалады. Қажет болған жағдайда, ұзартылған күн тәртібінде жалпы білім беретін сыйнштардың ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылары да қатыса алады.

Психологиялық-педагогикалық қызмет жұмысын ұйымдастыру үшін инклузивті білім беруді жузеге асyrатын білім беру ұйымдарының штатында психолог, арнайы педагогтар (тифлопедагог, сурдопедагог, логопед, олигофренопедагог), ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог мамандары қарастырылады.

Жоғарыда аталған мамандар болмаған жағдайда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға түзету-педагогикалық қолдау психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде және оңалту орталықтарында көрсетіледі.

Инклузивті білім берудің мақсаты мен міндеттеріне тиімді жету үшін жалпы білім беретін мектептер оралмандарды бейімдейтін және кіріктіретін орталықтармен, ресурстық орталықтармен, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдейтін орталықтармен, арнайы білім беру ұйымдарымен, сондай-ақ, ПМПК, оңалту орталықтары және психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерімен өзара әрекеттестікті ұйымдастырайтырады.

2016-2017 оку жылында 1-2 сыйнш білім алушыларын оқыту процесі бастауыш білім беру мазмұнын жанарту аясындағы КР МЖМБС-2015 және үлгілік оку жоспарына сәйкес іске асырылады[5]. Бастауыш мектепте ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес КР БФМ 2015 жылды 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген арнайы оку бағдарламалары бойынша оқиды.

Арнайы мектептерге балаларды қабылдау "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылды 11 шілдедегі Занына сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде жүргізіледі. Арнайы мектептер болмаған кезде жалпы білім беретін мектептерде осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген балалар үшін арнайы сыйнштар құрылады. Арнайы мектептерге оку сабактар кестесі "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асyrатын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылды 17 мамырдағы № 499 қаулысына сәйкес арнайы мектептің әкімшілігімен әзірленеді және бекітіледі. [6].

Арнайы сыйнштардың тольымдылығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылды 16 тамыздағы № 611 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары негізінде анықталады[7].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылды 8 сәуірдегі № 179 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствоның бағыныстырылғына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және окуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының талаптарына сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі инклузивті және арнайы сыйнштарға балаларды қабылдау жузеге асырылады[8].

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Занының 8-бабы 5-тармағына сәйкес деңсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдарға бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оналту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдары оку процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша өз бетінше іске асыра алады. Оку процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 61 бұйрығымен бекітілген Экстернат нысанында оқытудың ережесінде қарастырылған. Қашықтықтан білім беру технологиялары Қағидалары барлық білім беру деңгейлерінде мүмкіндіктен шектеулі тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедек болып табылатын білім алушылар үшін қолданылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктерге сәйкес даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық білім беру деңгейлерінде білім алу үшін, даму бұзылысын түзеу үшін және әлеуметтік бейімдеу үшін арнайы жағдайлар қамтамасыз етіледі.

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Занында (2002 жылғы 11 шілдедегі №343) мүмкіндігі шектеулі балалар үш жастан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш және негізгі орта білімді жеті-он жастан бастап алатыны анықталған.

Жалпы білім беретін мектептегі арнайы сыныппар жұмысы ұзартылған күн тәртібінде ұйымдастырылады, яғни бұзылған қызметтерді еңсеру мен орнын толтыру және қажетті деңсаулық сақтаушы педагогикалық режимді қамтамасыз ету бойынша қажетті жағдайлар жасалады. Қажет болған жағдайда, ұзартылған күн тәртібіне жалпы білім беретін сыныппардың ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылары да қатысады.

Мигрант, оралман балаларды оку-тәрбие процесіне кіріктіру және қазақ тілі мен орыс тілдерін менгерту мақсатында қосымша сабактар, тілдік үйірмелер, факультативті сағаттар ұйымдастырылады. Оларға қолдау қызметі мамандарының психологиялық-педагогикалық және тілдік көмек жасауды қажетті шарт болып табылады.

Інклузивті білім берудің мақсат мен міндеттеріне тиімді жету үшін жалпы білім беретін мектептер оралмандарды бейімдейтін және кіріктіретін орталықтармен, ресурстық орталықтармен, кәмделеттік жасқа толмағандарды бейімдейтін орталықтармен, арнайы білім беру ұйымдарымен, сондай-ақ, ПМПК, оналту орталықтары және психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерімен өзара әрекеттестікті ұйымдастырады.

Осыған байланысты, мүмкіндігі шектеулі балалар болған жағдайда оку жетістіктерін бағалау жүйесі қолданылады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бағалау кезінде ҚР МЖМБС-2015 көрсетілген білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды басшылыққа алады. Алайда, кейбір білім алушыларда бағдарламаны менгеру мерзімі ұзақырақ, оның нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне сәйкес келетін деңгейге жетеді.

Білім беру саласында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және олар орындауды қажет міндеттері тен болуы маңызды. Осы орайда, олардың жетістіктерін бағалаудың негізгі мазмұны шектеуді, яғни бұзылысты (керу, есту, сөйлеу, тірек-кимыл аппараты, әлеуметтік-эмоциялық сала) ескере отырып қалыпты дамыған құрбыларымен бірдей болуы қажет.

Інклузивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдардағы тәрбие процесінің ерекшелігі мектеп деңгейінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға толерантты қарым-қатынасты тәрбиелу, сондай-ақ негізгі құндылықтармен таныстыру, білім беру процесінің барлық субъектілерінің инклузивті білім беруге жағымды қозқарасын қалыптастыру, ересектердің ұстанымын «ерекше балаларға» өзгерту болып табылады.

Қазақстан Республикасында инклузивті білім беруді жүзеге асыруды құқықтық қамтамасыз ету ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларға сапалы білім алушына мүмкіндік жасады. Ең маңыздылығы:

- жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғаларды қосу үшін оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктіре оқыту және инклузивті білім беру негіздерін әдіснамалық және оку-әдістемелік әзірлеу;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың (оку процесін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар, базалық пәндер және оқыту пәннің нәтижелері бойынша дағылар, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар) оку бағдарламаларын, оку жоспарларын бейімдеу;

- инклузивті білім беру жағдайында оқушының оку жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін бейімдеу, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту нәтижелерін бағалау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу,

- үйде оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жағдайларына жоғары және кәсіптік,

техникалық білім беру бағдарламаларын және үлгілік оқу жоспарларын бейімдеу т.б. жузеге асырды.

Жаһандық әлем инклузивті қоғамды құру бағытында жылжып келеді.

«Білім-2030» жаңа күн тәртібі «бірін қалдырмай, баршаға арналған мүмкіндіктердің теңдігін» 4-ОДМ қол жеткізу ортақ жетістігінің басты критерийі деп белгіледі. Дамуында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар интеграцияланған ортаға неғұрлым ерте тартылған болса, олардың әлеуметтік бейімделуі соғұрлым жылдам әрі женіл болады. Қазақстан үшін бұл мәселе әлі де өзекті.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі баланың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасауға инклузивті білім беруді жузеге асыруды құқықтық қамтамасыз ету өзекті болып табылады.

ӘДЕБІЕТ

[1] «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заны (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

[2] 2. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және

[3] дамуы туралы Ұлттық баяндама. С. Ырсалиев, А. Құлтуманова, Э. Төлеков, Т. Бұлдыбаев, Г. Кусиденова, Б. Ісқақов, Л. Забара, Л. Барон, Е. Коротких - Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017 - 482 б.

[4] Қазақстан Республикасында инклузивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. ҚР БФМ 2015 жыл №348 бұйрығы.

[5] «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР Үкіметінің №499 Қаулысы. 17 мамыр 2013 жыл.

[6] Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыга міндетті білім беру стандарты» ҚР Үкіметінің №327 Қаулысы 25 сәуір 2015 жыл.

[7] Арнайы мектептер қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БФМ № 66 бұйрығы 14 ақпан 2017 жыл.

[8] «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № 611 бұйрығы 16 тамыз 2017 жыл.

[9] «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстырылғына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және окуға қабылдау» ҚР БФМ № 179 бұйрығы. 2015 жылды 8 сәуір.

III. М. Шүйіншина¹, А.К. Мухамедханова²

1кандидат педагогических наук, доцент, Заведующая лабораторией естественно-математического образования Института среднего образования НАО им. И. Алтынсарина, Казахстан, г. Астана;

2кандидат исторических наук, директор Центра трансляции обновленного содержания образования НАО им.И.Алтынсарина, Казахстан, г. Астана.

НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматривается нормативно-правовое обеспечение инклузивного образования в Республике Казахстан и особенности процесса обучения детей с особыми образовательными потребностями.

Нормативно-правовую основу для внедрения инклузивного образования в Республике Казахстан составляют законодательные акты, устанавливающие конституционные права человека, нормативные документы в области медико-социальной защиты лиц с особыми потребностями и оказания им качественных образовательных услуг.

Законодательство Республики Казахстан предусматривает защиту прав детей, имеющих особые образовательные потребности, и гарантирует выполнение всех положений законодательства, касающихся создания необходимых условий для повышения качества жизни таких детей, получение ими качественных образовательных услуг и создание доступной физической среды.

Нормативно-правовая база развития инклузивного образования в Казахстане основана на главном постулате - обеспечение равных образовательных возможностей для всех обучающихся по месту их проживания на основе педагогического подхода, обеспечивающего адаптацию образовательной среды к индивидуальным особенностям и образовательным потребностям обучающегося.

Ключевые слова: инклузивное образование, Нормативно-правовое обеспечение, особые образовательные потребности, учебные программы в классах инклузивного обучения; в специальных классах при общеобразовательных школах, учебная-воспитательная работа, обновленное содержание образования, учебные достижения обучающихся.